



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№15 (1400)  
5 мамыр  
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## 9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ

1945 жылдың 9 мамыры Отан үшін от кешіп, сұрапыл соғыстың зардабын тартқан ардагер азаматтардың елдік пен ерлікке қатар қол жеткізген Жеңіс күні. Қасарысқан дұшпан оғына қарсы шыққан ержүрек батыр тұлғалар бейнесі мәңгі жадымызда. Ал осы қан майданда ажал оғына кеудесін төсеп, өз өмірімен отан алдындағы мұқалмас қайсарлығын танытқан батырлар легінің бір парасы ҚазҰУ-дың ұстаздары екеніне тарих куә. Айтулы мереке қарсаңында, қасиетті қара шаңырақ өз ардагерлерінің басын осып, ерлікке тағзым етті.



5 мамыр күні ҚазҰУ-да 9-мамыр – Жеңіс күніне орай, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған мерекелік шара ұйымдастырылды. Аталмыш шараға университет ректоры Ғ.М.Мұтанов, Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.М.Шайхутдинов, Бостандық ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Б.Біржанов, университет ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғ.Ж.Жұматов, Ақсақалдар кеңесінің төрағасы С.Сартаев, ардагер жазушы Әбілфайыз Ыдырысов секілді басқа да танымал тұлғалар қатысты. Университет ардагерлерін, ұжым

мен студенттерді мерекемен құттықтаған ректор Ғалымқайыр Мұтанов: “Үлкен дәстүр бойынша екі мереке қатар келеді. Бірі – Ұлы Жеңіс мерекесі болса, екіншісі Отан қорғаушылар мейрамы. Өткенге салауат, болашаққа жақсы тілек айту мақсатында ақсақалдарымызды шақырып, өзара пікірлесіп, ақылдасып, кеңесіп, құрмет білдіріп отырмыз. Тәрбиенің мәні ардагерлерге құрмет көрсету болмақ. Мереке құтты болсын. Бірлігіміз жараса бәрі де оңынан болмақ” деген ыстық лебізін жеткізді.

Соғыс жылдарында май-

данға 1 196 164 отандасымыз шақырылды. Бұлардың ішінен 499 жауынгер Ұлы Отан соғысының Батыры, Халық Қаһарманы атанды. Ал сол жылдары Отанын қорғауға соғысқа университетімізден 287 оқытушы мен студент аттанған болатын. Қазірде Бұл мейрамды бұрынғы Кеңес Одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының

тұрғындары да тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бір күшке жұмылған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға қаһарлы жұдырық болып ұмтылды. Бүгінде адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгістің аяқталғанына 66 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Ал ардагерлерді дәріптеу ұрпақтар сабақтастығын арттырудағы ең ұлық шара екені даусыз.

(Жалғасы 3-бетте)

3-4 мая в столице страны прошел IV Астанинский экономический форум с участием видных политических деятелей, Нобелевских лауреатов, представителей крупных международных компаний и финансовых корпораций. После участия в форуме, лауреаты Нобелевской премии Финн Кидланд и Роджер Корнберг специально прибыли в Алматы, чтобы встретиться с преподавателями и студентами Казахского национального университета им. аль-Фараби.

### В ГОСТЯХ НОБЕЛЕВСКИЕ ЛАУРЕАТЫ

Во время визита в КазНУ лауреаты Нобелевской премии встретились с ректором университета Галымом Мутановым. В ходе встречи были обсуждены вопросы научно-образовательной сферы. Ректор рассказал гостям об учебном процессе в университете, профессорско-преподавательском составе, особо подчеркнув, что вузе большое значение придается качеству подготовки будущих специалистов. Во время беседы он акцентировал внимание гостей на цели, которая стоит перед многотысячным коллективом КазНУ - это трансформация из классического университета в исследовательский.

Лауреат Нобелевской премии 2006 года по химии «За исследование механизма копирования клетками генетической информации» Роджер Корнберг выступил с лекцией перед профессорско-преподавательским составом и студентами биологического, химического и физического факультетов.

Р.Корнберг известный в мире биохимик, профессор структурной биологии Стэнфордского университета, почетный доктор университета Умео, член Национальной академии наук США и американской Академии искусств и наук. Свою лекцию он посвятил вопросам исследований в области генетики и молекулярной биологии. Слушатели получили уникальную возможность получить ответы на интересующие их вопросы из уст ученого с мировым именем.

(Продолжение на 4 стр.)

ИННОВАЦИЯ

### Академическая мобильность на факультете востоковедения

В эпоху глобализации, вопросы академической мобильности в высших учебных заведениях имеют особую актуальность. Академическая мобильность студентов и преподавателей является одним из основных принципов Болонской декларации. Концепция академической мобильности обсуждалась на совещании ректоров в рамках расширенной коллегии МОН РК в январе 2011 года.

Главная цель, ради которой осуществляется движение в международное образовательное пространство – это обеспечение качества казахстанского высшего образования в соответствии с мировыми стандартами, повышение его привлекательности и конкурентоспособности.

(Продолжение на 4 стр.)

ЗА ОТЕЧЕСТВО!

## Профессия – Родину защищать!

7 мая в стране отмечается День защитника Отечества. Глубоко символично, что свой профессиональный праздник воины Казахстана встречают накануне светлого и незабываемого Дня Победы в Великой Отечественной войне. В эти весенние, радостные майские дни вся страна чествует ветеранов-фронтовиков, тружеников тыла - людей старшего поколения, сделавших все возможное и невозможное для достижения Победы над фашизмом.

Во все времена казахская земля славилась воинами-батырами, об их подвигах слагались песни и легенды, которые передавались из поколения в поколение.

(Продолжение на 4 стр.)





## Жаңа технологиялар қаралды

**29-30 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: жетістіктері және инновациялық технологиялары» атты археология және этнология кафедрасының 40 жылдығына арналған «III Оразбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

Конференцияны өткізудегі басты мақсат археология мен этнологияның жаңа әдістері мен технологияларын пайдалану мәселелері қарастырылды.

Шет елдерден келген қонақтардың қатарында Германиядан – Миша Майер, Клаус Гества, Тәжікстаннан – Гузель Майдидинова және тарих ғылымдарының докторы, профессор Александр Подушкин, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінен Дөкей Тәлеев және т.б. ғалымдар қатысты. Сондай-ақ, белгілі отандық археологтар мен этнологтар баяндама жасады.

Конференция аясында Қазақстан археологиясы: жетістіктері және инновациялық технологиялары, Қазақстан этнологиясы: жетістіктері және инновациялық технологиялары тақырыбында секция жұмыс істеді.

30 сәуірде ортағасырлық «Ақтөбе-Баласағұн» қаласында далалық семинар өткізілді.

Конференцияда оқылған баяндамалар жинағы және осы орайда археология және этнология кафедрасының ұйымдастыруымен тарих факультетінің студенттерінің жинағы және магистранттардың ғылыми мақалаларының жинағы жарық көріп отыр. Жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған археология және этнология кафедрасы студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде жазылған мақалалары енгізілген.

Факультет және факультет түлектері археология және этнология кафедрасына 40 жыл толуына сый-сияпат жасады.

Өз тілшімізден



## В ГОСТЯХ НОБЕЛЕВСКИЕ ЛАУРЕАТЫ

(Начало на 1 стр.)

А в Малахитовом зале университета преподаватели и студенты Высшей школы экономики и бизнеса, факультета международных отношений встретились с норвежским экономистом Финном Кидландом, удостоенного в 2004 году Нобелевской премии по экономике «За вклад в динамическую макроэкономику: согласованность во времени экономической политики и деловых циклов».

Лекции именитых ученых посетили и финалисты фестиваля студенческих социально значимых бизнес-проектов, который проводится в КазНУ в рамках национальных соревнований «SIFE-2011».

Во время визита зарубежные гости ознакомились с кампусом университета и посетили музей. Знакомая с историей становления и развития ведущего вуза страны,

его научными школами и перспективами трансформации в исследовательский университет, они были восхищены масштабами университетских преобразований. Живо интересовались культурой и традициями казахского народа, наследием аль-Фараби, чье имя с гордостью носит университет с 1991 года. Финн Кидланд отметил, - «Я наслаждался всем, что увидел и услышал во время экскурсии в музее!».

Ученых особенно заинтересовал генеральный план развития университета до 2020 года. Они спрашивали о поддержке государства в строительстве новых инновационных центров, академической мобильности студентов, возможности сотрудничества в подготовке магистрантов и докторантов, осуществлении совместных научных проектов.

Пресс-служба КазНУ

## Нұрлан Оразалин бізде қонақта

Жақында ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин келіп, студенттермен жүздесті. Қайыржан Бекхожиннің аудиториясына келген қонақ, мұндай атаулы дәрісхананың бар екендігіне қуанатындығын айта келіп, «Қайыржан аға соншалықты салмақты, иіні жұмсақ адам еді, ал ағасы Қалижан Бекхожин өте адуынды, мінезді жан болатын, бір күні осы туралы Қайыржан ағадан сұрадым, сонда ол кісі: «Мен үйдің үлкені болған соң жуастамын, ал Қалижан үйдің кішісі ғой, кішіге тентектік жарасады емес пе?..» деп биязы тіп қатып еді» деп ағаларды еске алды.

Кездесуді журналистика факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор Есберген Алауханов «Нұрлан аға Жазушылар Одағын басқарғанымен, қып-қызыл журналист, кезінде «Егемен Қазақстан» сияқты аға газеттің бас редакторы болған» деп бастады, кеш одан кейін студенттердің жазушы ағамен болған еркін сұхбатымен жалғасты.

Нұрлан аға өзінің ұлттық университеттің 70 жылғы түлегі екенін және филология факультетін тәмамдағанына қарамастан, бірден журналистиканың қым-қуыт әлеміне қадам басқанын, яғни еңбек жолын «Қазақстан пионерінен» бастағанын айтты.

«Ал бүгінгі күнде журналистерге керекті ең басты қабілет, ол – алғырлық пен шұғылдық немесе жеделділік, ал алдымызда

тұрған ең маңызды мәселе – ұлттық мемлекет, құқықтық қоғам, демократиялық қоғам құру, ал ол үлкен парасаттылықты қажет етеді» дей келіп, «біздің қазақ журналистикасына ұлтты қалыптастыру үшін ақпаратты беру аздық етеді, ұлттық құндылықтарды танытатын сипат керек» деген ойын айтты.

Журналистика факультетінің студенті Ботагөз Таңатарованың «Әдебиетке келуіңізге кімдердің әсері, ықпалы болды?» деген сұрағына Нұрлан аға: «Әдебиетке бет бұруыма 97 жастағы атам үлкен әсер етті. Ойын баласы болғаныма қарамастан, кей кездері ұстап алып, қазақтың батырлық жыр-дастандарын оқытатын, мен атамның қабағына қарап отырам, ол кісі қалғып кетсе, мен жыр оқығанымды тоқтата қоямын, қарт кісі болса да атам онымды сезіп қояды

да, «әрі қарай оқы!» дейді, міне, сөйтіп жүріп, қазақтың қара сөзінің, өлеңінің құдіретін таныдым, нәрімен сусындап өстім. Онымен қоса әкем де әдебиетке, өлеңге жаны жақын адам болатын» - деп жауап берді.

Ал Ая деген студенттің «Жас әдебиетшілерден кімдерді атап айтар едіңіз?» деген сұрағына, жазушы ағамыз: «Жақсы немесе жаман ақын болмайды, тек талантты немесе талантсыз ақын болады. Қазіргі жастардың поэзиясы идеологиядан арылған поэзия, әлемді жаратқан Құдіреттің бар екенін мойындайтын поэзия болғандықтан, осы сипатымен ұнайды. Ал мені ойландыратыны - қазіргі жас ақындар өздеріне берілген шығармашылық еркіндікті дұрыс пайдалана ала ма деген сауал» деп толғана жауап берді.

Студенттердің жазушы ағамен болған шағын кездесуінен көп ой, үлкен естеліктерді көкейімізге түйіп қайттық. Нұрлан ағамыз жастарға болашақта үлкен кездесуге арнайы келемін деп уәде беріп кетті.

Еңлік НҰРГУЛЖАНОВА

БАЙҚАУ

## Әбдірайымұлы оқулары өз жұмысын қорытындылады

5 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен гуманитарлық факультеттердің бакалавр, магистрант, докторанттары арасында сәуір айының 20-нан мамыр айының 5-іне дейін көрнекті қайраткер, баспагер-публицист, журналист-жазушы, ұстаз Серік Әбдірайымұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Әбдірайымұлы оқулары» өз жұмысын аяқтады. С.Әбдірайымұлы оқулары қорытындысында жүзден жүйрік шыққандар журналистерге аса қажетті заттай сыйлықтармен марапатталыны.

Арнайы қонақ ретінде әрі жүлделерді табыстау үшін шараға профессор Әбілфайыс Ыдырысов, ақын-жазушылар Бақытжан Момышұлы, Жарылқасын Әбдірайымұлы, Кәдірбек Сегізбаев, Бексұлтан Нұржекеев, Зейнеп Ахметова, Нұртөре Жүсіп, Жанарбек Әшімжан және Серік Әбдірайымұлының қыздары қатысты. Марапаттау барысында журналистика факультетінде С.Әбдірайымұлының шығармаларының көрмесі ұйымдастырылды.

С.Әбдірайымұлы белгілі қаламгер ғана емес, білікті де беделді баспагер еді. 1990 жылы қыркүйек айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан құрылған «Қазақ университеті» баспасының, 1993 жылы осы

баспаның негізінде құрылған «Санат» баспасының қалыптасып дамуына ұйытқы болды. Ол – журналист, көсемсөзші, баспагер, ұстаз, аудармашы. Республиканың әдеби-мәдени өміріне белсенді түрде араласып, артына жарқын із, сәулемелі сөз қалдырды. Білімді-білікті, тәжірибелі баспагер, қазақ журналистикасының көрнекті қайраткері Серік Әбдірайымұлының өмір жолы өнегелі, ғибратты, тағылымды.

С.Әбдірайымұлының шығармашылығы мен өміріне арналған туындыларға; С.Әбдірайымұлының шығармаларына теориялық таным тұрғысынан сараптама жасаған ғылыми жұмыстарға; С.Әбдірайымұлына арналған көркем туындыларға (проза, поэзия, драма, фото, сурет) бәйге жария-



ланды. Барлығы 30 шақты жұмыстан 10 жұмыс үздік деп танылды.

Бас жүлде – ноутбук және I дәрежелі диплом үздік ғылыми жұмысы үшін – Индира Бөлдекбаеваға табыс етілді. II дәрежелі диплом мен фотоаппарат үздік бейнесюжет ұсынғаны үшін Әсел Алшынбаева мен үздік ғылыми жұмысы үшін Гүлназ Сембиеваға табыстады.

III дәрежелі диплом және диктофон публицистикалық үздік туынды үшін Торғын

Әбушахманға, музыкалық жаңа туынды үшін Әйгерім Жүзбаева, поэтикалық туынды номинациясы бойынша Амангелді Сейтханға берілді.

Сондай-ақ, ынталандыру сыйлықтарымен Әйгерім Нәлібекова, Жаная Үмбетова, Мәдина Керімқұлова, Салтанат Жұмабекова марапатталды.

Келген қонақтар, жазушы ағалар Серік Әбдірайымұлының біраз еске алды. Бексұлтан Нұржекеев «Серік ағаның журналшы қызметі» келуіне және қалыптасуында «Лениншіл жаңа газеті негіз болған, пішін жасаудың хас шебері, әрі А.Асқаров, Д.Қонаев, Н.Тілендиевпен жүргізген сұхбаттарын оқи отырып, сол тұлға туралы толық танысып шығасын, бұл Серік Әбдірайымұлының журналшы болуының бір қыры еді, - дейді жазушы.

Студенттерге ақын-жазушы аға-апалары кең, кішіпейіл әрі болашақта жақсы журналист маман болуды мақсат етіп, сол үшін ерінбей еңбек етулеріне тілектес екендерін айтып, өз баталарын берді.

Байқау соңы факультет студенттері даярлаған концерттік бағдарламаға ұласты.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



# 9 МАМЫР – ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ

(Басы 1-бетте)

Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құрметтеу – ҚазҰУ басшылығының жыл сайынғы үрдісіне айналған үлгі боларлық шара. Биыл да ол өз жүрісінен жаңылған жоқ. Онда сөз сөйлеген қалалық, аудандық, университет ардагерлер кеңесінің төрағалары өз қатарластарына деген ыстық лебіздерін аса толғаныспен білдіріп жатты. Алматы қалалық

ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.М.Шайхутдинов: “Биылғы 2011 жыл – өзгеше жыл. Себебі Ұлы Жеңістің 66-шы жылына қадам басып отырмыз. Қала бойынша жеті аудан болса, соның барлық ардагерлеріне құрмет көрсетіліп жатыр. Қала бойынша 1976 ардагер бар. Сол қайтпас қайсарлық танытқан ардагер бауырлардың ең жасы сексеннің алтауында екен. Жеңістің дәмін татқан күнімізге 66 жыл болса, соғыс өртінің басталған

кезінен бері 70 жыл өтіпті. Артымызда ер жетіп келе жатқан ұрпаққа соғыс қаупі төнбесін, ел іргесі берік болсын”, – деп жүрегінен шыққан ықыласын жеткізді.

Бүгінгі мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірліктің сүбелі нәтижесінде келді. Бұл да болса елдігіміз бен ерлігіміздің арқасы екендігі ақиқат.

Мерекелік шара соңында соғыс және еңбек ардагерлеріне университет тарапынан сый-құрмет



көрсетіліп, арнайы дастарқан жайылды. Ардагер ұстаздар студенттердің дайындауымен қойылған «Мың тағзым» атты мерекелік концертті тамашалап, өткен күнге сапар шегіп қайтқандай болды. Бұл күн Жеңіс күні болуымен қатар, ардагерлердің соғыстан оралмаған үзеңгілес қатарларын еске алып, олардың жанарына шөккен мұң өткен күндерінен белгі беріп тұрғандай. Бірақ жүздеріндегі болашаққа деген үміт пен қуаныш жастардың өмір сүруге деген құлшынысын арттыра түскендей әсер қалдырды.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

## Профессия – Родину защищать!

(Начало на 1 стр.)

Казахстанских батыров отличали несгибаемая воля к победе, стойкость духа, решительность, мужество и храбрость, смекалка, крепкое войсковое братство и взаимовыручка. Они были окружены народной любовью и почетом, а их трудная и опасная профессия – защищать Родину, всегда считалась одной из самых благородных.

Сегодня нашей стране, обществу необходимы здоровые, мужественные, смелые, инициативные, дисциплинированные и грамотные люди, готовые в любое время встать на защиту ее суверенитета. И молодое поколение продолжает лучшие воинские традиции.

Военная кафедра КазНУ им. аль-Фараби имеет свою богатую историю и сложившиеся за много лет традиции, которые берут начало в тридцатых годах прошлого столетия с подготовки Ворошиловских стрелков I и II ступени. В то время это имело большое значение, так как стране нужны были подготовленные и обученные стрелковому и военному делу молодые люди. Позже на кафедре стали обучать основам санитарной помощи, рукопашного боя, гражданской обороны. С каждым годом кафедра расширяла свою материально-техническую базу и увеличивала подготовку военных специалистов.

В настоящее время военная кафедра университета вносит весомый вклад в дело подготовки военных кадров для Вооруженных Сил Республики Казахстан и признана лучшей в стране.

За прошедшие 75 лет на кафедре подготовлены тысячи квалифицированных офицеров по различным специальностям, многие из них успешно несли службу в Вооруженных Силах, выполняя воинский долг, принимали участие в боевых действиях, стали героями и отмечены боевыми наградами.

В разные годы на кафедре преподавали офицеры, внесшие большой вклад в подготовку военных специалистов. Среди них участники боевых действий, которые сегодня передают свои знания



и профессиональный опыт слушателям кафедры.

Так, например, в 1953-1954 годах старший лейтенант А.Адонин, лейтенанты В.Дутиков и Н.Лазарев с честью выполняли интернациональный долг в Корее, они награждены боевыми орденами и медалями. В 1967-1968 годах старший лейтенант В.Михайлов, лейтенанты Е.Матыров и Е.Кузнецов выполняли боевые задачи во Вьетнаме и награждены медалью «За боевые заслуги».

Интернациональный долг в Демократической Республике Афганистан выполняли офицеры-преподаватели – полковник В.Поморцев, подполковник В.Перепелица, майор Ю.Ремизов, которые удостоены ордена «Красной Звезды», полковник Е.Ишанов, подполковники А.Калантаев и М.Ниязбаев награжденные боевыми медалями.

Сегодня на кафедре работают опытные, с большим педагогическим стажем преподаватели в отставке, кандидат технических наук, профессор, член-корреспондент Академии военных наук РФ Пернехан Ашимбаевич Ермеков

баев, полковники запаса – Эдуард Константинович Фридман, Владимир Николаевич Мешков, Юрий Михайлович Сойкин, Геннадий Иосифович Костюкович, Амангали Альжанович Ельмухамбетов и другие.

Обучение студентов на военной кафедре университета по программе подготовки офицеров запаса осуществляется по семи военным специальностям – командиры мотострелковых, зенитно-ракетных и зенитно-артиллерийских взводов, переводчики, заместители командиров по воспитательной и социально-правовой работе, юристы.

Студентам, успешно завершившим обучение на военной кафедре, в установленном порядке присваивается звание сержант запаса. Выпускник военной кафедры изъявивший желание получить звание офицера, должен пройти шестимесячную аттестацию в одной из частей ВС РК. В случае успешного прохождения аттестации ему присваивается воинское звание – лейтенант.

Помимо традиционных задач подготовки специалистов военная кафедра

проводит работу по военно-патриотическому воспитанию студентов. Работа направлена, прежде всего, на формирование у молодого поколения чувства высокого патриотизма к Родине, гордости за ее историю и подвиги героев, бережного отношения к воинским традициям, готовности встать на защиту Отечества.

Для этого на кафедре создан постоянно действующий Совет по военно-патриотическому воспитанию, организации и проведению оборонно-массовых, спортивных мероприятий. Со студентами проводятся дни «Мужества», экскурсии по местам боевой и трудовой славы, встречи с ветеранами Великой Отечественной войны и участниками локальных военных конфликтов, военнослужащими воинских частей Алматинского военного гарнизона.

Лучшими слушателями военной кафедры можно назвать студентов факультета международных отношений – М.Игиликова и А.Омарова, механико-математического факультета – Г.Арещенко и Е.Пузикова, физического – А.Кенес, факультета востоковедения – А.Коньербай, юридического – И.Сраилова, А.Гаппарова, Д.Тагаева и Н.Сраилова, Высшей школы экономики и бизнеса – Д.Жапар, А.Безрукова и Т.Темирхан.

Проходят годы и десятилетия. Одно поколение студентов сменяет другое. Меняются оружие и боевая техника, меняются правила подготовки и обучения, неизменными остаются любовь и преданность защитников своему Отечеству, их верность воинскому долгу.

Сегодня можно с уверенностью сказать, что коллектив военной кафедры, способен выполнять поставленные перед ним задачи. Уверен, что стремление брать на вооружение все лучшее и передовое, всемерная поддержка руководства университета и наших коллег, позволят нам с честью нести высокое звание лучшей военной кафедры страны.

Начальник военной кафедры, полковник Олег Степаненко





# АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ НА ФАКУЛЬТЕТЕ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

(Начало на 1 стр.)

Механизм реализации и перспективы развития академической мобильности был посвящен Республиканский семинар, организованный МОН РК и состоявшийся 28 апреля в КазНУ им. аль-Фараби. Доклады участников как пленарного заседания, так и круглых столов вызвали большой интерес и многочисленные вопросы у аудитории. На заключительном

рубричная языковая и научная стажировка студентов, магистрантов и докторантов PhD нашего факультета в крупнейших университетах и учебных центрах стран Востока стала обязательным элементом курса обучения.

Этому способствуют налаженные контакты с зарубежными вузами, успешно работающая система кредитного трансфера и, как следствие, высокая академическая мобильность студентов факультета. Если

говора о сотрудничестве с пятнадцатью ведущими университетами стран Востока, налажены отношения с международными фондами и дипломатическими представительствами. Зарубежная стажировка студентов и преподавателей осуществляется в рамках программ и проектов, проводимых такими международными фондами и организациями как: «Arabic for All», «Аль-Бабтин», «Аль-Ваф Аль-Ислами» (Королевство Саудовская Аравия), Индийский совет по культурным отношениям, Шанхайская организация сотрудничества, «POSKO TJ Park Foundation», «Korea Foundation», «KOICA», «Korean Research Foundation» (Южная Корея), «ТКА» (Турция) и др.

Сегодня на повестку дня выходит вопрос о внедрении программы двойного диплома (Dual Degree). На основе стажировок наших студентов за рубежом имеется возможность реализации данной программы совместно с вузами-партнерами. Есть и первые успехи в этом деле. Так, например, с сентября 2010 г. студентка кафедры корееведения Азиза Садвакасова обучается по программе двойного диплома в Каннамском университете (Республика Корея). Проводится работа по реализации подписанного в 2010 г. с Ланьчжоуским университетом (КНР) соглашения о совместной подготовке бакалавров по специальности «Китайский язык».

Реализация программы двойного диплома усилит мотивацию обучающихся и повысит их академическую мобильность, что, в конечном счете, будет способствовать расширению возможностей трудоустройства и повышения конкурентоспособности молодого специалиста.

**З.ИСКАКОВА,**  
заместитель декана по учебной работе  
факультета востоковедения



заседании были подведены итоги семинара и приняты рекомендации, которые должны стать основой дальнейшего развития академической мобильности. Было отмечено, что дальнейшее совершенствование высшего образования, процесс интеграции науки и образовательной деятельности тесно связаны с развитием академической мобильности.

Реализация академической мобильности для факультета востоковедения особенно актуальна, так как основой подготовки специалиста-востоковеда является обучение восточному языку. Поэтому за-

первые студенты факультета выезжали за границу в небольшом количестве, то сегодня более ста востоковедов ежегодно проходят обучение в зарубежном вузе-партнере в течение одного-двух семестров.

На факультете также постоянно работают иностранные преподаватели – носители восточных языков, что, являясь одним из факторов повышения качества учебного процесса, способствует внедрению современных зарубежных образовательных технологий.

На сегодняшний день подписаны до-

АЛАУ

## “Ай-Ару” сұлуларын тандады

29 сәуір күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетінің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, тәуелсіздікпен түйдей құрдас қазақ аруларының қатысуымен, қазақ әдебиеті кафедрасында құрылған “Ай-ару” клубының ұйытқы болуымен “Айдайдің жасында...” атты сайыс өтті. Мерекелік шараға арнайы келген ҚазҰУ-дың тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті директоры Гүлнәр Әлібекқызы, әдебиет сыншысы Әлия Бөпежанова, ҚызМПУ халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Күлзия Пірәлиева, “Айгөлек” балалар журналының Бас редакторы Қымбат Әбілда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова төрелік етті. Байқауда арулар “Мен кімін?” жобасында өздерін ерекше қырынан көрсете білсе, “Білім – өмір шырағы” жобасында білім кеңістіктерін таныдық, “Сәнді де мәнді” жобасы ұлттық киімнің көркінен хабар берсе, “Өнерім-өмірім” жобасы арулардың тал-бойындағы өнерін бағалады, ал “Қазақ қызы менің көзіммен” жобасында өз



бойларындағы нағыз қазақ қызы бейнесін көрермен алдында көрсете білді. Сайысқа қатысқан Жадыра Қуан, Анар Бағашарова, Ақтолқын Серікбай, Назерке Бекетанова, Зулфия Ағабекова, Балнұр Қалабаева сынды

алты қазақ аруының бойынан қайсарлықты, нәзіктікті, әдемілікті, ең бастысы қазақ қызына тән қылығын таныдық.

ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА



## Игілікті жолдың үш тұғырын игерген химиктер

Химия факультетінде «Катализ және мұнай химиясы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Ең үздік топ» атты 2-курс студенттерінің қатысуымен сайыс болып өтті.

«Химия қыын, ашиды мың, ашыса мың, химия апайға сыйын» деген өрнекті өзілге сүйенсек те, ғылым саласындағы химиктердің алар асуы зор екендіктері мәлім.

Дүбірлі дода өзара топтас студенттердің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, жұмыла көтерген дайындықтарының арқасында өз нәтижесін берді. Бірінші интеллектуалды «Кафедра поштысы мен профессор ұяшықтары» атты бөлімінде барлық ойыншылар өздерінің білім мен ғылым жолындағы бес аспап екендіктерін көрсете білді. Аталмыш факультеттің осы ойында алыспай, беріспес алғыр екендіктерін таныдық. Екінші күнгі байқау «Өнерлі химиктер» деген аталыммен шымылдығын ашты. Жас дәурендердің жанарындағы ұшқынды осы сында анық байқалды. «Катализ және мұнай химиясы» кафедрасының ОЗХТ 2-курс студенттерінің қатысуымен өткен өнер додасында өнердің қанатына мініп, таланттың тамырын басқан талапты өрендердің өнеріне куә болдық. «Эверест», «Томирис», «ССФ», «Мойынқұм», «Смайлик» секілді бес топтан құралған өнерлі студенттер бақ сынасты. «Таныстыру» атты бөлімде алғыр химиктер өз-өздерін таныстырып, мәртебелерін бір көтерсе, «Топ киносы» атты бөлімінде студенттердің өздері түсірген киносын тамашаладық. Фильмнен көріп, көкейімізге түйгеніміз, студенттік шақтың қайта оралмас кезенінен ұмытылмас бейнені жеткізе білген. Ойын да, еріксіз езу тартқызар өзіл де бар. Алғыр химиктер ғылыммен қатар өнерден де құр алақан емес екендіктерін көрсетті. Соңғы «Топ костюмі» атты бөлімде ойыншылар өз қиял-ғажайыптарына сүйене отырып, дайындаған киім үлгілерін көрермен назарына ұсынды. Әсем арулардың қағаз, целофан, желім стакан секілді қолданыстағы заттардан керемет кешкі көйлектер дайындап шығарғаны екінің бірін бей-жай қалдырмады. Факультет деканы Ердос Қалимоллаұлы: «Білім мен ғылымды игере жүріп, өнерлі екендіктерін паш етті. Игілікті жолдың үш тұғырын игеру студенттеріміздің оқу орнына деген сүйіспеншілігінде жатса керек», – деген ойын жеткізді. Ал факультет ұстаздарының таңданысында шек болмады. Осындай айтулы шараны ұйымдастырып, мамандыққа қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыру жолын ұсынған «Катализ және мұнай химиясы» кафедрасының меңгерушісі Ермек Әубәкіровтың бастамасы оң нәтижесін берді. «Мен болашақ химик жастарыма сенемін» деп, шәкірттеріне үлкен сенім арқалады. Аталмыш кафедра мен 3-курс студенті Меруерт Сахова демеушілік жасап, жүзделі бірінші орынды еншілеген, 2-курс студенттерінен құралған «ССФ» тобы мен басқа қатысушы топтарға қаржылай және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор –  
Жауапты хатшы –  
Редакторлар –  
Беттеуші –  
Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ  
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Еңлік АҚЖІПТ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында  
(Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10304

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.